

Тексерілген күні: 01.10.25ж

Әдіскер: А.Ж.Жумағалиева

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
Қазан айы (1-апта)

Мектепке дейінгі ұйым : «Балбөбек» жеке бөбекжайы.

Топ: « Күншуақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 01.10 - 03.10.2025ж.

Қазан «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
			01.10.2025ж	02.10.2025ж	03.10.2025ж
Апта дәйексөзі: «Барымыз да, бағымыз да – Тәуелсіздік»					
Балаларды қабылдау			Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу Армысың, Өлем! Армысың, Жарық күн! Армысың, абзал Адам! Армысың, менің досым! (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Білім тақырыбында әуенді қосып қарсы алу. Сәлемдесу «Амансың ба, Алтын күн!» Амансың ба, Алтын күн! Амансың ба, Жер – Ана! Амансың ба, достарым! Сендерді көрсем қуанам! (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру			"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының ролі" әңгімелесу.	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу"
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)			«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнататын». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнына есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзге көмек көрсету инеттерін қолдау; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қалыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді, Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді.	«Өнегелі тәрбие». Қауіпсіздік. Еңбек тапсырмалары: «Аквариум балықтарын қоректендіру». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға баулу; қамқорлыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Балалардың балықтарға қорек өнімдеріне аллергиясын анықтау, қауіпсіздікті сақтануды қамтамасыз ету. "Күз" мезгіліне байланысты сюжетті суреттер көрсету. Мақсаты: тақырыпқа байланысты сұрақтар қою. Балалардан сұрақтарға толық жауапты таппау ету. (тіл дамыту және көркем	Ұлттық сезім күні «Өнегелі тәрбие» Еңбек: Балаларды топ бөлмесіндегі реттілікті сақтауды үйрету; үстел, орындықтардың, сөрелердің шаңын сүрту. Ойнап болған соң ойыншықтарын орын-орнына жинауға тәрбиелеу. "Жапырағына қарай ажырат" дидактикалық ойыны. Мақсаты: ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру; сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру) "Айырмашылықты тап" дамытушы ойыны. Мақсаты: ұқсас жұл заттарды, суреттерді салыстырып, олардағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу қабілеттерін, қабылдау, зейін

			(тіл дамыту және көркем әдебиет) «Күз бояулары» сөздік жаттығуы. Мақсаты: балаларға жапырақтардың түстерін, күзгі бояулардың түстерін ажыратуды үйрету. Құрал-жабдықтар: көк, жасыл, қызыл, қоңыр, сұр, сары, қызыл сары түсті жапырақтардың суреттері (карточкалар). Ойын шарты. Балаларды алаңға шақыру, оларға үстелде жатқан түстері әртүрлі жапырақтарды көрсету. Жапырақтар көк, жасыл, қызыл, қоңыр, сұр, сары, қызыл сары түсті болады.	әдебиет, экологиялық тәрбие) Үстел үсті ойындары: "Басқатырғыш", "Құрастырғыш". Мақсаты: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар, құрастыру, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) "Қай қолымда көп?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: аз және көп заттарды ажыратуға, салыстыруға жаттығады; ойлау қабілеттері дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық іс-әрекет)	қабілеттерін дамыту. Барысы. Салыстыруға бірінші зат немесе сурет балаларға біраз уақыт көрсетеді. Содан кейін екінші зат не суретке көңіл аударылады. Басты міндет - заттардың не суреттердің несімен ұқсамайтынын айту. (танымдық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) "Ұшады ұшпайды, өседі өспейді" театрландырылған ойын. (дене тәрбиесі, қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: балалардың танымдық қабілетін дамыту. Барысы: затты атаймын, егер ол ұшса, балалар қолдарымен қанат қағуды көрсетеді; егер ол ұшпаса, олар қолдарын тізеге қояды. Егер ол өссе, олар қолдарын жоғары көтереді, егер өспесе, олар қолмен жабады.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі (орамалмен) - Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. - Балалар орамалдарымен беттерін жауып, "тауып ал" дейді. - Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). - Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде. - Оңға бұрылу, қолдарын созу, орамалдарын умаждап "жуамыз" дейді. - Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу соң жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). - Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, орамалдар тізе үстінде.				

	3.1. Жерге шалқасынан жатып, орамалдармен беттерін жауып "ұйықтайық" дейді. 3.2. Бастапқы калып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы калып аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 4.1. Орамалдарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы калып (жаттығу 3 рет қайталанады). (дербес әрекет, дене тәрбиесі)				
Таңғы ас	"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері: өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Бозінген" - Сүгір (орындаған Жанғали Жүзбай) «Өнегелі»: Табиғат және қоршаған әлем. Тақырыбы: «Бізді қоршаған табиғат». Мақсаты: қоршаған заттарды күту, табиғатты аялау үлгілерін көрсету.				
			"Қаладағы жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін бекіту; жыл мезгілдері туралы сипаттамалық әңгімелер құрастыру кезінде толық сөйлемдермен сөйлеуін дамыту; бақылау, көрнекі зейін, есте сақтау қабілетін дамыту; туған қаланың табиғатына қызығушылықты тәрбиелеу. Барысы: лото түріндегі ойын, бала белгілі бір	"Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиеті, танымдық дағдылар) Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру	"Танып ал да, атын ата" дидактикалық ойыны. Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. (тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық дағдылар) Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру

			маусымға қатысты суретті алады және сол жыл мезгілін сипаттап береді. Суреттерді таңдау кезінде педагог маусым туралы әңгіме құрастыруды ұсына отырып, тапсырманы қиындата алады. (тіл дамыту және көркем әдебиет, көршілік әлеммен таныстыру) Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру		
Кестере сәйкес ҮІӘ			Музыка "Жапырақтар сарғайды" Міндеттері: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру.	Дене тәрбиесі "Допты домалатайық". Міндеттері: балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілеттерін дамыту; тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін жетілдіру. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу.	Қазақ тілі "Не, қайда өседі?" Көкөністер мен жемістер. Түстер әлемі." Міндеттері: қазақ тілін тыңдауды, көкөністер мен жемістердің атауларын есте сақтауды және оларды бір-бірінен ажырата білуді, көкөністер мен жемістерге тән түстерді атауға жаттықтыру. "Көкөністер мен жемістер" дидактикалық ойыны. "Көкөністер мен жемістер" сергіту сәті. "Қандай түсті?" дамытушылық ойыны.

				Жабдықтарды қолдануда қауіпсіздікті қамтамасыз ету.	
			Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Аула сыпырушы". Мақсаты: балаларды аула сыпырушының жұмысымен таныстыру; аула сыпырушының атқаратын жұмысының ерекшелігі мен еңбек нәтижесінің маңызы туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Аула сыпырушының құралдарын тап". Мақсаты: аула сыпырушының құралдарын тауып, құралдың атауын атауды үйрету.	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Саябаққа күз келді". Мақсаты: балаларды қылқалам арқылы ағаштарда өскен және ағаштардан жерге түсіп, жерде жатқан сары жапырақтарды салуды үйрету; күз мезгілі туралы, жапырақтардың сарғайып, түскені жөнінде түсініктерін кеңейту. Саусак жаттығуы. "Жапырақтар ұшты". Қолдар – жапырақ екен, (алақандарды жайып, саусақтарды тікелейтіп, ары-бері айналдыру) Бұтада отыр екен. (саусақтарды жұдырықтарға қысып алу) Жел соғып жұлып алса, (алақандарды алу) Ұшады жекке-жекке. (саусақтармен еркін қимылдау) (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Әлеумет. "Жеміс-көгініс дүкені" ойыны. Мақсаты: балаларды жемістер мен көгіністер дүкеніндегі сатушының қызметімен таныстыру; жемістер мен көгіністердің атауларын жатқа айта білу қабілетін қалыптастыру; жемістер мен көгіністерді пайдаланар алдында тазалық ережелерін сақтауды үйрету; сатушы және тауар сатып алушы қарым-қатынасының ерекшеліктерін, тенге туралы ұғымдарын кеңейту. "Сатушыға не керек?" ойын-жаттығуы. Мақсаты: сатушыға қажет құралдардың атауларын пысықтау.
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балалардың өздігінен және жүйелі кіннулерін қадағалау. Жылдамдыққа, тиянақтылыққа баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) BilimKids дамытушы мультфильмі Киноді үйрену Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы экскуртулер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойынамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құрмен, ұсақ заттармен ойындарда				

	қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тыклау). Анайдан сөзін тыңдайық. Жамандықтан сақ болайық. Қауіпсіздік ережелерін Біліп жүріп орындайық. Бейтаныс жағдай болса - Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)				
Серуен			Картотека № 4	Картотека № 7	Картотека № 10
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	"Ат - адамның қанаты, ас - адамның қуаты" деген мақал-мәтелді балаларға айтқызу; балаларға тамақты кішкене бөліктерге бөліп жеу керектігін айту; тыныш отырып тамақтануды үйрету; тамақ ішер алдында балалар бір-біріне астың дәмді болуын тілеп, тамақтан соң алғыс айтулары. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемесу. Мақсат-міндеттері: өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Кесе, шыны, пияла Оларсыз шай құя ма? Қасықсыз тамақ жемейді, Бәрінің атын не дейді? Өлең жолдарын оқу арқылы, балалардың тәбетін ашу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Күндізгі ұйқы			Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Үш аю» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Ауыр тастар көтеру. Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп-түсіру. Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың			"Күлкілі маймылдар"	"Танып ал да, атын ата"	«Тамшылар мен жауын»

дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)			театрландырылған ойын. Мақсаты: зейінді, бақылауды, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: балалар шашыранды тұрады (маймылдар). Олардың алдында бала - хайуанаттар бағына келуші, ол әртүрлі қимылдар мен қимылдарды орындайды. "Маймылдар" баланың іс-әрекеттерін қайталайды. (көркем әдебиет) «Дана қуыршақ дүкенге барды» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: балалардың сөйлеуін белсендіру және дамыту, ойын идеясын ашу. Рөлдік мінез-құлықтың бастапқы дағдыларын қалыптастыру. Құрал-жабдықтар: Дана қуыршақ, текшелер, құрастырғыштың бөлшектері, қораптар, сөмке, пирамиданың сақиналары. Ойын барысы. Балаларға Дана қуыршақ азық-түлік дүкеніне бара жатқанын айтамын, бірақ ол жалғыз барғысы келмейді. Оған көп зат сатып алу керек. Дана қуыршақ өзіне	дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, танымдық іс-әрекет) Мақсаты: заттын түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттығады; сөздік қорын молайды; ойлау қабілеті дамиды. «Дана қуыршақты тамақтандыру» сюжетті-рөлдік ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: балалардың ұғымындағы ыдыс-аяқ туралы білімдерін бекіту, сөйлеуін белсендіру, тамақтану әдебіне тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: Дана қуыршақ, ойын бұрышындағы ыдыс-аяқ жиынтығы. Ойын барысы. Ойын бұрышында ойнатылады. Түскі ас кезінде қандай ыдыс-аяқ қолданылатынын көрсетемін және айтамын (сорпаға арналған терең табақтар, екіншісіне таяқ, қасық, шанышқы, кесе. Ыдыстар үстелге қалай қойылатынын, тамақтану әдебін, ас құралдарын қалай пайдалану керектігін көрсетеді. Балаларға қуыршаққа түскі	музыкалық-дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға ұзақ және қысқа дыбыстарды, әуеннің ритмін ажыратуды үйрету. – Балалар, ойынның аты «Тамшылар мен жауын» деп аталады. Қазір екі топқа бөлінесіңдер. Музыкалық жетекші балаларға аудиожазбаларды тыңдатады. Жауын мен тамшылардың дыбысын бөлек тыңдатқызып, сол жауынның жылдамдығын немесе тамшының қолдарымен шапалақ ұру арқылы көрсетуді ұсынады. Тоқтаусыз жауын – ұзақ шапалақтау. Өткірші жауын – орташа ритмде шапалақтау. Тамшы – қысқа шапалақ. Балалар дыбыстың ритміне байланысты шапалақтайды. "Түстер туралы ертегі" оқып беру. Мақсаты: балаларды көркем сөзді мұқият тыңдап, мазмұнын дұрыс түсінуге баулу. Ерте, ерте ертеде, ешкі жүні бөртеде қызыл, сары, көк бояулар өмір сүріпті. Олар өте тату-тәтті болыпты. Күндердің күндері олар қызықты оқиғаларға тап болады. Бір
--	--	--	---	---	--

			екі бала Данаға көмектесуге келіседі. – Балалар, дүкеннен сатып алатын заттарды қайда саламыз? Бізге не керек? Сөмке керек. Дұрыс. Балалар азық-түлік дүкеніне кетеді. Олар өз әрекеттеріне түсініктеме бере отырып, ойыншықтарды, қораптарды, бапшаларды сөмкеге салады. «Бұл текше сары май болады. Мына қорап жүгері болады. Пирамиданың сақиналары қалаштар, ал құрастырғыштың бөліктері піспенан (печенье) болсын». Балаларды ойын әрекеттеріне ітермелеймін және ойын барысын бақылаймын. Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету (Құрастыру)	STEAM Art. «Ертегі кейіпкеріне тән әуенді таңда» ойыны (музыка, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: балалардың музыкалық есту, әуендердің сипатын ажырата білу қабілеттерін дамыту; ертегінің бір немесе басқа кейіпкерін өзіне тән әуенмен байланыстыруды үйрету; әйгілі ертегілердің сюжеттерін бекіту; ертегі кейіпкерін ым-ишара, батырдың сөздері арқылы бейнелеу, оның мініздемесі мен музыканың сипатына сәйкес қозғалу қабілетін дамыту. Ермексаздан топтағы үлкен доптың мүсінін жасауды үйрету. (Мүсіндеу) Фланелеграф -жабысатын тақта бетінде ұсынылған үлгі ойыншық жанына ұқсас ойыншықтарды тауып жапсыруды үйрету Салыстыру қабілетін дамыту (Жапсыру)	қонаққа келеді. Бір мезетте үй ішіндегі шам сөніп қалады. Түстер бір-бірімен соқтығысып жүргенде тағы бір түс пайда болады. Ол Қызғылт сары түс екен. Жанбыр жауыл тұрған кезде болған оқиға Көк бояу мен кіші қарындасы Сары бояу жанбырдан қорқып, емен ағашының астына тығылады. Жанбыр қатты жауғаннан бояулары езіле бастайды, олардың бояулары араласқан кезде Жасыл бояу пайда болады. Ары қарай мынандай жағдай болды. Көк түс өзінің қуанышымен бөлісейін деп осы қуанышымен Қызыл бояумен бөліспек болып, Қызыл бояуды құшақтап алғанда Күлгін түс пайда болады. Солай осы өмірге жаңадан Қызыл сары, Жасыл, Күлгін түстер пайда болған екен. Барлық бояулар қол ұстасып, үлкен шеңбер жасайды. Осыдан кемпірқосақ пайда болады. (көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру)
Балалармен жеке жұмыс			Қадыр Мырза Әлі «Күз». Күз де келді, күз келді,	Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылыққа баулу.	«Кім жылдам жинайды?» Мақсаты: заттарды тез жинауға, қимыл дәлдігін және ептілігін дамыту.

			Күдерін жаз үзген-ді. Күз де келді, күз келді, Көкте бұлттар жүзді енді. Күз де келді, күз келді, Құстар мекен іздеді. Күз де келді, күз келді, Қондырмады түзге елді. Күз де келді, күз келді, Керек оқу бізге енді. (тіл дамыту, көркем әдебиет) <i>Тимур Жисса</i>	Сазбалшық, ермексаз кесектерінен бөліп алу, домалату. (Мүсіндеу) <i>Мұрагер</i>	(дене тәрбиесі) <i>Арузат</i>
Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен			Картотека № 9	Картотека № 3	Картотека № 6
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың үйге қайтуы			"Баланың қозғалыс белсенділігін қалыптастырудағы отбасының рөлі" әңгімелесу.	Әңгіме жүргізу: "Бала танымын дамытудың маңыздылығы".	Ата-аналарға кеңес. "Демалысты пайдалы өткізу"

Тәрбиешілер: А.А.Кенжебаева Б.Б.Есетова

Тексерілген күні: 03.10.25*
Әдіскер: м.с.р. А.Ж.Жумағалиева

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ
Қазан айы (2-апта)

Мектепке дейінгі ұйым : «Балбөбе» жеке бөбекжайы.

Топ: « Күншуақ» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Қандай кезеңге жасалды (апта күндерін, айды, жылды көрсету): 06.10 - 10.10.2025ж..

Қазан «Тәуелсіздік және отаншылдық айы»

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
	06.10.2025ж	07.10.2025ж	08.10.2025ж	09.10.2025ж	10.10.2025ж
Апта дәйексөзі: Отан – біздің ең үлкен аянымыз. Әркім Отанына көрсеткен қызметіне жылу дәметпеуі тиіс. Ол – оның азаматтық борышы.					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Арайлы таң, армысын! Шуақты күн, армысын! Жан досым, саған сәлем берейін, Аман-есен бармысың! Балалар достарымен қол алысып амандасалы. (тіл дамыту)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. "Қайырлы таң" (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. Сәлемдесу Сәлем бердім досыма! Аман болсың әрқашан! Асығамын қашаңда! Жайдарлы мінезді апайыма. (тіл дамыту)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка) BilimKids дамытушы мультфильмді қосып қарсы алу. "Қайырлы таң" (қарым-қатынас іс-әрекеті, музыка)	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. «Күй күмбірі» Күймен балаларды қарсы алу.

Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен әңгімелесу, кеңес беру	"Ойыншықты тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: кеңістікті бағдарлауды үйрету.	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға кеңес. "Отбасындағы сауықтыру шаралары".	"Отбасындағы мерекелерді өткізу дәстүрлері" тақырыбына әңгімелесу.	"Үйде демалысты қалай өткізу керек?" әңгімелесу.
Балалардың іс-әрекеті (ойын, танымдық, коммуникативтік, шығармашылық, эксперименталдық, еңбек, қимыл, бейнелеу, дербес және басқалары)	«Өнегелі тәрбие» Еңбек: Ұйымдастырылған іс-әрекетіне қажетті оқу құралдарын тарату және орындарына жинау іскерліктерін дамыту. "Сиқырлы қапшық" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі) Мақсаты: заттардың балалардың сөздік қорын заттардың ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту; айырмашылықтары мен атауларын атауға ынталандыру; заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. Балалардың ортасына "Сиқырлы қапшық" әкелемін. Қапшыққа жемістер мен көгөністер салынған. Балалардың	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: «Асханадағы көмекшілер». (қоршаған әлеммен таныстыру) Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету инеттерін қолдау. Балаларды тамақ ішерде табақша, қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу іскерліктерін жетілдіру. "Лото" үстел үсті ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет, қоршаған әлеммен таныстыру, қазақ тілі) Мақсаты: балалардың сөздік қорын заттардың ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту; жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын, қазақ тіліне тән	«Өнегелі тәрбие» Еңбек тапсырмалары: «Ойыншықтар мен құралдар сөрелерінде тәртіп орнатайық». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Заттардың атқаратын қызметтерін, пайдалану амалдарын түсінуге көмектесу; әр заттың өз орнын есте сақтап, қайта орнына қоюға үйрету; өзгеге көмек көрсету инеттерін қолдау; ұжымтылыққа тәрбиелеу. «Көгөністер мен жемістер» үстел үсті ойыны. (қоршаған әлеммен таныстыру) Мақсаты: заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру. Балаларды заттардың пішініне (дөңселек, сопақ) назар аударып отырып, объектілерді өзара байланыстыруға және топтастыруға ынталандыру;	«Өнегелі тәрбие». Еңбек тапсырмалары: «Өсімдіктерді суару». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау (мысалы, фикус, аспидистра, бальзамин), өсімдік бөліктерін тану; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға, өсімдіктерді суаруға баулу; қамқорлыққа, ұжымтылыққа тәрбиелеу. "Көркем сөзді мәнерлен оқу жаттығуы. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: балаларды мәнерлі үзінділерді қайталауға, тақпақтар мен шағын өлеңдерді жатқа айтуға үйрету; ойлау, есте сақтау, елестету қабілеттерін дамыту; көркем сөз үлгілеріне, ересектің еңбегіне қызығушылықты арттыру. М. Әлімқұлов "Аспаз". Біздің гүл бақшада.	«Өнегелі тәрбие». Қауіпсіздік. Еңбек тапсырмалары: «Аквариум балықтарын көрсетпдіру». (қоршаған әлеммен таныстыру, еңбекке баулу) Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру; қарапайым тапсырмаларды өздігінен (ересектің көмегімен) орындауға баулу; қамқорлыққа, ұжымтылыққа тәрбиелеу. Балалардың балықтарға қорек өнімдеріне аллергиясын анықтау, қауіпсіздікті сақтануды қамтамасыз ету. "Тәулік бөліктері" дидактикалық ойыны. Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атауды, ажыратуды жаттықтыру; қазақ тіліне тән ә, ү дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу. (математика негіздері, қазақ тілі, тіл дамыту) «Ұлттық ойын - ұлт

	арасынан бір баланы таңдап аламын. Ол бала көзін жұмып, қолын "сиқырлы қапшыққа" салып, кез келген затты таңдап алып, қолын "сиқырлы қапшықтан" шығармаған бойы сол заттың сын-сипатын айтады. Түрін, түсін, дәмін барлығын сипаттап айтып береді. Қалтадан қолын шығарып, затты көрсетеді.	дыбыстарды дұрыс айтуға ынталандыру. Ойын шарты: көгөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. Үш үлкен карточкада: бақша, бау, гүлзар бейнеленген. Көлемдері 8×8см карточкалар және көгөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. Мақсаты: ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, қатты, сыбырлап, ақырын сөйлеуге үйрету.	түсті қабылдауды, тактильді сезімдерді, қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, сөйлеуді белсендіру; байқампаздық, тапқырлыққа тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: екі себеттің суреті, олардың бірінде сопақ пішінді ойық, екіншісінде шеңбер пішінді ойық бар. Пішіндері сопақ немесе шеңберге ұқсайтын көгөністер мен жемістердің сұлбалары: алма, лимон, қызынак, кияр, қызылша, сәбіз, пияз, баялды, апельсин, банан. "Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларға суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. (қоршаған әлеммен таныстыру, тіл дамыту)	Бар әсем асхана. Бар онда аспазшы, Ақхоніл жақсы аға. Әлде, май құймақ па? Көже ме, сорпа ма? Әлде, бал қаймақ па, Тұрады ортада. Тәп-тәтті тамағы, Ағай – ас маманы. Пісіре білгенге, Астың жоқ маманы. "Суреттерді орналастыр" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту, танымдық дағдылар) Мақсаты: заттарды топтастыруға жаттықтыру, өз бетінше тапсырманы орындауға дағдыландыру, ойлау қабілетін дамыту.	қазынасы» Қазақ халқының ұлттық ойыны. «Соқыртеке» ойыны. (дене тәрбиесі, қазақ тілі) Мақсаты: балаларға кеністікті бағдарлау, шапшаң қимылдауға, бір-біріне кедергі жасамауға дағдыландыру; түйсік, эсін қабілеттерін дамыту; ұйымшылдыққа, ойын ережелерін сақтап, ойынды әділ ойнауға тәрбиелеу. Шарты. Балалар ортаға шеңбер құрып тұрады. Топ ішінен бір баланың көзі байланады. Балалар: «Бота, бұзау, қозы, лақ, Қайда кеткен құлыншақ. Соқыртеке бақ-бақ, Мені ізден тап, тап!» - деп, өлеңмен айтады. Содан кейін Соқыртеке (көзі байлаулы бала) балаларды қуалайды немесе балалар оның жанына келіп, ақырын түртіп қалып, жан-жаққа қаша жөнеледі. Соқыртеке ұстап алған баланың көзі байланады, енді «соқыртеке» рөлін сол ойнайды. Ойын осылай жалғаса береді.
Ертеңгілік жаттығу	Жалпы дамыту жаттығулары (алақанға сыятын текшелермен) 1. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қол төменде 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып, текшелерді көрсетіп: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады).				

	2. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене тік, қолдағы текшелер көкірек тұсында 2.1. Оңға бұрылып, қолдарын созып, текшелерін көрсетіп: "Міне! " "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ алшақ, дене бос, қол төменде 3.1. Жерге отырып, қолдарын алдына созып: "Міне!" дейді; 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қолдағы текшелер көкірек тұсында. 4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму. 4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "Міне!" дейді (жаттығу 3 рет қайталанады). (дене тәрбиесі, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері: Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз! Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз! Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет) «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашнай жуынуга, өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетті өткізуге дайындық	«Менің Қазақстаным» - Қазақстан Республикасының әнұранын орындау. "Күй күмбірі": "Қосбасар - Мүкей" (орындаған Мұрат Абылғазин) «Өнегелі»: Отбасы және отбасы құндылықтары. Тақырыбы: «Менің отбасым». Мақсаты: отбасы туралы әңгімелесу, отбасыда кім қандай міндет атқаратынын анықтау.				
	"Қандай шырын?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жемістерді ажырату және атау қабілетін жетілдіру, сын есімдерді құруды үйрету, ауызша сөйлеуді, зейінді, есте сақтауды дамыту. Барысы: балалар себеттен суреттерді көзекпен алады, суреттегі жемістерді	"Жапырақ қай ағаштан шыққан?" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: ағаштарды діндері мен жапырақтары бойынша ажырату қабілетін жетілдіру, зейінін, байқағыштығын, есте сақтауын, қиялын дамыту. Барысы: балалардың	"Күз" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: күз мезгілі туралы білімдерін кеңейту; тақырып бойынша сөздік қорларын молайту. Барысы: үстелде әртүрлі маусымдық құбылыстардың аралас суреттер (қар жауады, гүлденген шалғын, күзгі	"Күзгі жапырақтар" дидактикалық ойыны. (тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: сөздікті "күз", "ағаштар" сөздерімен толықтыру; есімдерді дұрыс қолдануды үйрету. Барысы: баланың алдында үлкен карточкалар бар. Кішкентайлары жақын жерде	"Қай көгөністі байқамай қалдық?" дидактикалық ойыны. (қазақ тілі, тіл дамыту және көркем әдебиет) Мақсаты: қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету; тақырып бойынша сөздік қорын белсендіру, зейіні мен визуалды есте сақтауын дамыту. Барысы: ересек бала қоянды

	атайды және осы жемістен алынған шырын қалай италатынын айтады. Мысалы: "Бұл алма - алма шырыны". (тіл дамыту және көркем әдебиет) Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру	алдында жапырақтардың суреттері тұрады. Балалар әр жапырақтың қай ағаштан екенін табады және сол ағаштың үстіне(бетіне) жапсырып қояды. Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру	орман, құстар және тағы басқа) қойылған. Бала күзгі құбылыстарды ғана бейнелейтін суреттерді таңдайды және оларды атайды. Мысалы: күн бұлттың артына жасырынып жатыр, жаңбыр жауып тұр және тағы басқа. Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру	жинақталған. Ол бір кішкентай карточканы алып, қай ағаштың қай жапырағында болғанын анықтайды: "Бұл үйенкі жапырағы", Содан кейін үлкен карточкадан сол жапырақты іздейді де, оған кішкене жапырақты қояды. Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру	көрсетіп, бүгінгі оның туған күні екенін түсіндіреді. Қонақтар көптеген сыйлықтар әкелді. Ересек адам қонының алдына көгөніс сыйлықтар қояды, оларды қатарға қояды. Бір көгөністі атамайды. Бала қай көгөніс жетпейді, соны атайды. Қауіпсіз жайлы, дамытушы білім беру ортасын қалыптастыру
Кестеге сәйкес ҮІӨ	Дене тәрбиесі "Домалайық". Міндеттері: балаларды тұрған заттың басына доп тигізу арқылы жоғары секіру және допты аяқпен қайшылап ұстап, отырып-тұрып домалату іскерліктерін бекіту. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін дамыту. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты, жылдамдықты дамыту. Дене тәрбиесі "Ғажап күздің сыйлығы". Мақсаты: балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін	Дене тәрбиесі "Күз қандай?" Міндеттері: балаларды тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру; қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын жетілдіру; гимнастикалық шеңберлермен жалпы дамыту жаттығуларын жасауға ынталандыру. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Қимылдарды белсенді орындауды дамыту және қимылдарды үйлестіруге баулу. Дене сапаларын: ептілік пен шапшаңдықты дамыту. "Әдемі жүреміз" қимылды ойыны.	Музыка "Себеттегі жемістер". Міндеттері: балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету; дыбыс ұзақтығы туралы ұғым беру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасап білу дағдысын жетілдіру; күз сыйы туралы ұғым беру. Дидактикалық ойын: "Дәмінен таны". Мақсаты: жемістердің дәмін ажыратуды үйрету.	Дене тәрбиесі "Айнала алтын күз". Міндеттері: балалардың бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүру іскерліктерін жетілдіру, тұрған заттың басына допты тигізу арқылы жоғары секіру, қиғаш тақтайдың үстімен жүру дағдыларын бекіту. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Қимылдарды орындауда балалардың дербестігін дамыту. "Орнықты тап" қимылды ойыны. Мақсаты: бірлесіп ойын ойнауды үйрету, жылдам жүгіру дағдысын дамыту.	Қазақ тілі "Нан дастарханға қалай келеді?" Міндеттері: қазақ тілін тыңдауды, тақырып бойынша фонетикалық сөздік ойындарды ойнау барысында ересек адамның өтінішін, сөзін түсіну, нанның дастарханға келу жолы туралы білімдерін қалыптастыру.

	жетілдіру; тұрған заттың басына дөпті тигізу арқылы жоғары секіру және қиғаш тактайдың үстімен жүру дағдысын жетілдіру.	Мақсаты: түзу сызықтың бойымен жүруді үйрету.			
	Тіл дамыту және көркем әдебиеттен ойын-жаттығулар. "Күз келді". Мақсаты: балаларды "Күз келді" өлеңінің мазмұнымен таныстыра отырып, тақпақты мұқият тыңдауды үйрету; тақпақты жатқа айтатын сөздерін есте сақтап, қайталауға жаттықтыру; тақпақтағы күз мезгілін көркем сөзбен әдемі өрнектеген жолдарына балалардың назарын аударып, мәнін түсіндіру; күз туралы түсінік беру. "Күз кереметтерін тап" ойыны. Мақсаты: күз мезгіліне қатысты суреттер табу.	Математика негіздерінен ойын-жаттығулар. "Күзгі көректер". Мақсаты: балалардың "оң жақ", "сол жақ", "көп", "біреу" ұғымдарын ажырату дағдыларын қалыптастыру, менің нұсқауым бойынша заттарды жазықтықта орналастыру іскерлігін жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар "Күз кереметі". Мақсаты: балаларды күз кереметтерімен таныстыра отырып, күз айының ерекше табиғи қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту; адамның табиғатқа қамқорлық қатынасының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру. Дидактикалық ойын: "Күз аруының көйлегін безендір".	Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығулар. "Себеттегі жемістер". Мақсаты: балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту; жемістер жаңбы түсініктерін жүйелендіруде қарапайым зерттеу жұмыстарымен айналысу қабілетін қалыптастыру; күз сыйының мәнін ашу. "Дәмінен таны" дидактикалық ойыны. Мақсаты: жемістердің дәмін татып, қандай жеміс екенін дәмінен ажыратуды үйрету. Жемістердің атауын қазақ тілінде дұрыс айтуды дағдыландыру.	Тіл дамыту және көркем әдебиет дамытудан ойын-жаттығулар. "Жеміс-көгөніс" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балалардың күз сыйлары туралы, көгөністер мен жемістердің өсу ерекшеліктері мен орындары туралы, білім аясын кеңейту. Дидактикалық ойын. "Жеміс-көгөніс". Мақсаты: жемістер мен көгөністердің атауларын бекіту; жемістер мен көгөністерді екі топтамаға бөліп, ажырату тәртібін пысықтау.	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Сәбіз". Мақсаты: қалқаламды үш саусақпен ұстап, түгін бояуға малып, бір нүктеден қағаз бетінің тіке бойымен доғалы сызық жүргізіп, қайта айналдырып, басталған нүктеге жету білігін жетілдіру, салынып қойған сопақша пішінін қалқалам арқылы қызыл сары бояуға бояу техникасын қалыптастыру, төгілмеуіш пен тіреушені қолдану дағдыларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, көз мөлшерін, зейінін, елестету қабілетін дамыту. Саусақ жаттығуы. "Жүрейік, жүрейік". Жүрейік, жүрейік, (саусақтармен үстел бетінде аяқтармен алымдар жасап жүргенді көрсету) Көкке қолмен сермейік, (саусақтармен, қанаттар қимылын көрсетіп, қолдарды төменнен жоғары көтеру) Күнге сәлем берейік,

		Мақсаты: жапырақтармен әрлеуді дағдыландыру.				(алақандармен жоғарыда бұлғау) Шапалақтап, күлейік. (шапалақтау)
2-ші таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)					
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Қауіпсіздік. Қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау туралы ексертүлер: топта (терезенің алдына шықпау, розеткаларды ұстамау, баспалдақпен көтерілгенде және түскенде таяныштан ұстау), серуенде (отпен ойнамау, жолға шықпау) ойын алаңында және құммен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға алмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау). Апайдың сөзін тыңдайық, Жамандықтан сақ болайық, Қауіпсіздік ережелерін Біліп жүріп орындайық. Бейтаныс жағдай болса - Жасырмай, айтайық. (Д.Ахметова)					
Серуен	Картотека № 18	Картотека № 1	Картотека № 5	Картотека № 8	Картотека № 10	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуді дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Мақсат-міндеттер: балаларды тамақтанар алдында, дәретханаға барғаннан кейін, ластанған кезде қолды өз бетінше сабынмен жууға үйрету. «Үнемді пайдалану». Суды ағымын үнемді пайдалануға, суды төкпей, шашпай жуынуға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дос бол сабын су мен сен, Жіңі-жіңі жуып сен. Таңертең де, кешке де, Жуып күндіз, түнде де. Жуып тамақ алдында, Жуып тамақ соңында, Жуып ұйықтар кезінде, Жуып тұрған мезгілде.					
Түскі ас	«Үнемді пайдалану». Өзіне тиісті асты асықпай, ("обалыға") қалдырмай тамақтануға үйрету, тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үгітпеу, майлықты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемей. Мақсат-міндеттері. Өзін-өзі күту, тамақтану, мәдениетті қарым-қатынас негіздерін дамыту. Ыстық ас, тамақ - Бізге ток болмақ. Миымызға, денемізге Күш-қуат таралпақ. (Д. Ахметова)					

	Балалар рақмет айтады, тамақтануға кіріседі. (мәдени-гигиеналық дағдылар, тіл дамыту және көркем әдебиет)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай тудызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Өз төсек орнын тауып жатуды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. "Әлди-әлди" әні (музыка)	Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. «Етікіші» ертегісін оқып беру. (тіл дамыту және көркем әдебиет)
Ұйқыдан біртіндеп ояту, сауықтыру шаралары	Шаңғы жаттығуы (екі аяқты тізеге бүгіп, кезекпен созып-жинау, табанды төсек үстіне үйкеу). Жалпақтабақтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Балалардың денсаулығын және жергілікті жағдайларды ескере отырып, табиғи факторлар: ауаны пайдалана отырып, шынықтыру шараларының көпін жүзеге асыру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (дене тәрбиесі, мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; тамақтану мәдениетіне баулу. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
